

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 629 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Спорттың бұқаралық түрлерінің республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Спорттың ойын және қысқы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Спорттың бұқаралық және қысқы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосу жолымен;

2) "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Спорттың қолданбалы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Су спортының түрлері бойынша олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Су спортының және спорттың қолданбалы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі құрылатын республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Республикалық жоғары спорт шеберлігі мектептері қызметінің негізгі мәні қысқы және жазғы Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына енгізілген спорт түрлері бойынша халықаралық деңгейдегі жоғары білікті спортшыларды, кандидаттарды олимпиадалық даярлау орталықтары мен Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына есепке алуға даярлау болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындардың жарғыларын Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынсын және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК